

## **Ата-аналар жиналысының хаттамасы**

**№3**

**Күні: 27.01.2022ж.**

Қатысқан ата - аналар саны: 102

Қатыспағандар: 23

### **Күн тәртібінде:**

Тақырыбы: «Ата – анамен ұлкендерді құрметтеу».

Мақсаты: Отбасылық өмірдің рухани – адамгершілік негіздерін ашып көрсету.

1. «Ата – аналарды және ұлкендерді құрметтеу» баяндама
2. Пікір алмасу
3. I жарты жылдың қортындысы
4. Ұйымдастыруышылық сұрақтар Достық шеңбері.

Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, бір – біріне жылы тілектер тіледі.

1. Ата – аналарды және ұлкендерді құрметтеу. Баяндама Ата – аналарды және ұлкендерді құрметтеу. Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлауға үйретуден басталады. Себебі ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды. В. Сухомлинский Ата-аналарын құрметтеу - бұл балаларының ең бірінші міндеті. Әке мен ананы қалай дұрыс құрметтеу керек? Әрине, ең алдымен оларды жақсы көру керек, оларға шынайы ризашылық білдіру, ақиқатқа карсы келмейтін болса, барлық кезде оларды тындау, олардың әрекетін сынамау, олардың өтініштері мен ауруларына шыдамды болу, оларға қамқорлық көрсету керек. Бұл өзіміздің алдымыздағы парызымыз. Ата-анамызға ұлкендерге сүйіспеншілік пен құрмет көрсету маңызды және адамның бақытты өмір сүруінің кепілі болып табылады. Балаға ата-анасын, ұлкендерді және өз-өзін құрметтеуді қалай үйретсе болады? Ең алдымен бала жақын адамдарынан ешқашан корлық көрмейтінін білуі тиіс. Әсіресе бұл жазалауға байланысты. Есте сақтау керек, ата-ана арасындағы қарым-қатынас баланың ұлкендермен өзін қалай ұстайтының көрсеткіші. Егер әке мен ана айғаймен арақатынастарын шешетін болса, бала көзінше балағаттау және қорлау болса, онда бала үшін бұл әрекетінің басшылығы болмақ. Ата-ана тарарапынан қарт адамдардың өміріне араласуы, оларға қамқорлық көрсетуі - бала үшін нағыз жарқын және әсер ететін үлгі. Оның үстіне бұл тіптен қыын емес. Баланың ұлкендерге деген құрмет көрсету сезімін тәрбиелей отырып, сонымен бірге өзіңізге сенімді және бақытты қарттықты камтамасыз ететініңізді ұмытпаңыз. Әке мен ананы құрметтеу оларға деген сүйіспеншілікті, нәзік қарым-қатынасын білдіреді. Баласы, қызы ретіндегі парыздарын барлық жағынан: оймен де, сөзбен және іс - әрекетімен де атқарулары тиіс. Бұл деген, ата-анаң туралы не ойласанда, сенің ата-анаң қандай ерекше, ғажап және керемет адамдар екен ойла, олардың жақсы қасиеттерін, іс - әрекеттерін, адамгершіліктерін еске түсір. Ата-аналар өздеріне деген қарым-қатынасты өздері енгізеді. Олар үнемі балаларына жасаған қарым-қатынасының жемісін жейді. Ата-аналар балаларының денінің сау болуын қадағалау, сүйіспеншілік кеңістігін жасау, құндылықтардың дұрыс жүйесін құру, адамдықтың негізгі қағидаттарын ашу және өмірдегі алғашкы өз бетінше қадамдары үшін қажетті білім алуға көмектесулері қажет. Ең бастысы - үнемі үлгі болып, жандарынан табылу. Пікір алмасу. Бүгінгі тақырып бойынша өз

пікірлерінізді айтып, ойларыңызбен бөлісініздер. Дарынның анасы: Біз үйде отбасымызбен бала тәрбиесіне көп көніл бөлеміз. Баланың «сіз, рахмет, өтінемін, кешірің» деген сөздерді үнемі қолданып сөйлеуін қадалап отырмыз. І жарты жылдың кортындысы. І жарты жылды қорыта айтатын болсақ, ең бастысы балалар балабақшаға, балабақша өміріне толық үйренді. Барлық балалар жыламай еркін кіреді. Өздері тамаққа ішіп, дәретханаға да біздің көмегімізсіз отыра алады. Үйымдастырылған оқу әрекетінде де еркін отырып, 15 – 20мин жұмыс жасай алады. Балалар пішіндерді, түстерді айта алады. Сонымен қатар жыл мезгілін және айларын біледі. Қыс мезгілінің табиғаттағы өзгерістерді атай алады. Алтын күз мерекесімен, жаңа жыл мерекесінде балалар өздерін жақсы көрсетті. Өлеңдерін, тақпактарын жақсы айтып, билерінде жақсы билейді. Тәрбиешілер балабақша басшыларынан көптеген мақтау алды. Үйымдастырушылық сұраптар.

1.Балабақша режимі таңертең 8:15 ке дейін алып келу керек немесе тәрбиешіге звандап ескерту керек. Кешке 18:45дейін баланы алып кету керек. 2.Балабақша ақысын уақыты төлеп отыру керек. 3.Балабақшаға келмеген жағдайда таңғы сағат 8:15 ке дейін ескерту керек. 4.Себепсіз балабақшадан қалмау керек. 5.Балалардың тазалығын қадағалау әсіресе тырныққа көніл бөлу.

## Шешім:

- 1.Ата – аналар балаларды уақытында келіп, уақытында алғып кету керек екенін қадағалау керек екенін шешті.
  2. I жарты жылдық қорытындыны тыңдал, балабақшамен тәрбиешілермен тығыз қарым – қатынаста болатынын шешті.
  - 3.Ата-аналарға балабақша ақысын кешіктірмей төлеуге,баланы себепсіз қалдырмау жүктелді.

## Жиналыс төрайымы

## Хатшы



Ж.Дүйсебаева

### **3.Әбілқас**

## **Ата-аналар жиналышының хаттамасы**

**№4**

Күні: 29.05.2022 ж.

Қатысқан ата-аналар саны: 102

Келмеген ата-аналар саны: 23

### **Күн тәртібінде:**

1. Балабақша- үйіміз баяндама
2. «Балабақша-біздің үй!» видеофильм.
3. Әр түрлі мәселелер

Балабақша- үйіміз баяндама

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбілеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сезінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт - дәстүр, мақал - мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата - ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялдана қанат бітіріп, бойындағы иті қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды. Мысалы «Шалқан» ертегісін тыңдал болған соң, балалар шалқанды көптің көмегімен жұлып алғанын білді. Ал, «Ақмышым» ертегісін тыңдал болып, кішкентай бұлдіршіндер қамқорлық, мейірімділік сезімдерімен танысты.

Адамгершілік дүниесіндегі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал - мәтелдер болып келеді. Сәбілер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұнғыш рет нәр алады. Мақал - мәтелдер арқылы кішкентай бұлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Ұлкенге – құрмет, кішіге - ізет» деген мақал – мәтел арқылы бала бойына ұлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз.

Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Оз – өзіне қызмет ету;

- Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуынып, сұртінеді, бір - біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, өтінемін» сөздерін айтуға баулу. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым - қатынастарын қалыптастыру. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, ұлкендерге қалай болса солай қарастаға мүмкіндігі жасалмайды.

- Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне қажет ермек саз, тақтайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бұлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

- Серуен кезінде гүлдерді қопсыту, шөптерін жұлу, ойын алаңымызды таза ұстaugа үйрету. Бірде серуенде сәбілерді жапырақ жинауға шақырдым, балалар 2 - 3 жапырақ жинаған соң «жинағым келмейді» деп тарай бастады. Сол кезде мен жұмыс жоспарын ойын жоспарына айналдырып жібердім, әкелген жапырақтардан бастарына гүлшоқ жасадым, оны көрген кішкентайлар қуанып, барі де жинай бастады. Бұл серуенде балаларды тек қана жапырақ жинауға емес, топпен жұмыс жасауға, үлкендерге көмектесуге, еңбексүйгіштік қасиетінің алғашқы итеріміне баулыдым.

Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсындар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді. Ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденімпаздық, аяушылық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіру аса маңызды.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Кішкентай бұлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, өз - өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде, ойын және оку ісінде жоспарлы турде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс - қимылы, балалармен, үлкендермен қарым - қатынасы кішкентай сәбілер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бұлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бұлдіршіндерімізде жақсы қылыштар, ұжымдық қарым - қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата - анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насиҳаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қатынасында алады. Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады,

Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез, сүйекпен кетеді» бекер айтпаған. Dana, ойшыл Абай атамыз бұл туралы былай деген: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата - анасынан, екінші – ұстазынан, үшінші – құрбасынан». Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнар көзі – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Әр адам адамгершілікті қүнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қазақ халқы баланы жастанынан жақсы әдептерге баулыған. «Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлагатты, тыйым сөздердің мәні зор. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайтылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсеқ, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық!

Баланың ой - өрісі – білім мен қоршаған дүниені тануға қызығушылығы, талаптанушылық, рухани байлығының бейнесі.

Баланың ой - өрісі көбіне жанұя жағдайымен, ата – ананың ықпалымен қамқорлық етуіне байланысты рухани дамып отырады.

Сәбимен алғаш тіл қатып, қарым – қатынас жасаудың өзі де оны әр түрлі әсерлерге бөлейді. Балаға негұрлым көнілді көп аударып, онымен әңгімелессе, айналасындағы заттармен, құбылыстармен таныстырыса, соғұрлым оның құмарлығы артып, көп білгісі келеді.

Бала балабақшадағы білім беру салалары бойынша жасалған үйымдастыру іс - әрекетіндегі жасаған жұмыстарын жеке де көрген, білгендерін, үйренгендерін ата – аналарына қорсетуге, айтуга, жеткізуге асығады. Тәрбиеші балаға көптеген қызықты заттар мен істерді таныстырады. Олар балаға әр түрлі ағаштардың жапырақтарын кептіруді, гүл өсіруді, табиғи материалдарды жинауды да көптеген нәрселерді үйретеді.

3. «Балабақша-біздің үй!» видеофильм.

4. Әр түрлі мәселелер.

Жиналыс барысында басқа да мәселелер айтылды. Тамақтың төлем ақысын уақытында төлеу, балабақшага кешікпей келу, берілген тапсырмаларды уақытында орындау. Т.б шешім қабылданды.

#### Жиналыстың шешімі:

1. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты тығыз сақтау
2. Балаларға біріге отырып саналы тәрбие мен сапалы білім беру.
3. Балабақша ережелерін сақтау
4. Ата-аналар комитетінің жұмысын бағалау.

Жиналыс төрайымы

Хатшы



Ж.Дүйсебаева

3.Әбілқас

## **Ата-аналар жиналышының хаттамасы**

**№1**

**Күні: 21.09.2022ж.**

Қатысқан ата - аналар саны: 112

Қатыспағандар: 13

### **Күн тәртібінде:**

1. 2022- 2023 жаңа оқу жылшының іс - жоспарымен танысу.
2. Ата - аналар комитетін қайта сайлау.
3. Тәрбиеші 3.Әбілқас ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты баяндама оқылды.
4. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы
5. Әр түрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша әдіскер А.Асқарқызы жаңа оқу жылшының іс - жоспарымен таныстырып өтті. Балалармен мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар атқарылатынын атап өтті.

Шешім: 2022– 2023 оқу жылшының іс - жоспары қанағаттандарылсын.

Жауаптылар: З.Әбілқас, Г.Исаева, К.Муратова

Мерзімі: Келесі ата - аналар жиналышына дейін

Екінші мәселе бойынша ата - аналар комитетін қайта сайлауға ұсыныс таstadtы. Ата ана сөз кезегін алғып Ж.Дүйсебаева сайлауға ұсыныс таstadtы. Мүшелері: Д.Хұдайбергенова, Ы.Жұніс, М.Алимкулова, С.Шегебаева. Ата-аналар комитетінің мүшесі болып сайланды. Ата - аналар бір ауыздан келісіп сайлады.

Шешімі: ата - аналар комитетінің төрайымы Ж.Дүйсебаева, мүшесі болып Д.Хұдайбергенова, Ы.Жұніс, М.Алимкулова, С.Шегебаева сайлансын. Жауапты: ата - аналар комитетінің төрайымы мен мүшелері.

Мерзімі: келесі ата - ана жиналышына дейін.

Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Г.Исаева «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» атты баяндама оқылды. Болашағымыз балалар олардың жауапкершілігі біздің қолымызда. Сол үшін болашағымыз туралы ойланатын мәселе бойынша тақырып қозғады. Шешімі: Баяндама бір ауыздан мақұлдансын.

Жауаптылар: ата - аналар мен тәрбиешілері. Мерзімі: келесі ата - аналар жиналышына дейін.

Төртінші мәселе бойынша З.Әбілқас, К.Муратова әр түрлі мәселерді ортага салды Оқу құралдарын толық әкелуін талап өтті. Балалардың тазалығын, балабақшадан себепсіз қалдырмай, кешікпей келуін, төлемақысын уақытылы төлеуін айтап өтті.

**Шешімі:** Кезекті ата - аналар жиналышы қаралған мәселелерді бір ауыздан мақұлладады

Жауаптылар: барлық ата - аналар мен топ тәрбиешілері.

Мерзімі: келесі ата - аналар жиналышына дейін. Балалардың жаңа оқу жылшына толық дайындықпен қатыссын.

Даусы беру нәтижесі: «иі».

**Жиналыш төрайымы**

**Хатшы**

**Ж.Дүйсебаева**

**3.Әбілқас**



## Ата-аналар жиналышының хаттамасы №2

Күні: 14.12.2022ж.

Қатысқан ата-аналар саны: 110

Келмеген ата-аналар саны: 15

### **Күн тәртібінде:**

1. Балабақша- үйіміз баяндама
2. «Балабақша-біздің үй!» видеофильм.
3. Әр түрлі мәселелер

Балабақша- үйіміз баяндама

«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбілеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт - дәстүр, мақал - мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата - ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялышына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды. Мысалы «Шалқан» ертегісін тыңдал болған соң, балалар шалқанды көптің көмегімен жұлыш алғанын білді. Ал, «Ақмысығым» ертегісін тыңдал болып, кішкентай бұлдіршіндер қамқорлық, мейірімділік сезімдерімен танысты.

Адамгершілік дүниесіндегі ұрпақтан - ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі – бесік жыры, мақал - мәтелдер болып келеді. Сәбілер «бесік жырын» тыңдай отырып, ананың бесік жырымен, әлдиімен, өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады. Мақал - мәтелдер арқылы кішкентай бұлдіршіндеріміздің қайырымдылық, ілтипат сезімдерін арттырамыз, адамгершілік сезімдерін оятамыз. «Улкенге – құрмет, кішіге - ізет» деген мақал – мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз.

Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы, адамгершілік, эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Өз – өзіне қызмет ету;

- Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп, жуындып, сұртінеді, бір - біріне көмектеседі, «рахмет, кешір, етінемін» сөздерін айтуға баулу. Ұжымға тәрбиелеу, балалардың өзара ұжымда қарым - қатынастарын қалыптастыру. Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немкүрайлықтың пайда болуына, құрбыларына, үлкендерге қалай болса солай қарауга мүмкіндігі жасалмайды.

- Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау, оларды күтіп ұстау, топты таза ұстау. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне қажет ермек саз, тақтайша, қылқалам т. б дайындауға көмектесуі. Осылайша біз бұлдіршіндерімізді қайырымдылыққа, кішіпейілділікке шақырып, жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

- Серуен кезінде гүлдерді қосыту, шөптерін жұлу, ойын алаңымызды таза ұстаяға үйрету. Бірде серуенде сәбілерді жапырақ жинауға шақырдым, балалар 2 - 3 жапырақ жинаған соң «жинағым келмейді» деп тарай бастады. Сол кезде мен жұмыс жоспарын ойын жоспарына айналдырып жібердім, әкелген жапырақтардан бастарына гүлшоқ жасадым, оны көрген кішкентайлар қуаныш, барі де жинай бастады. Бұл серуенде балаларды тек қана жапырақ жинауға емес, топпен жұмыс жасауға, үлкендерге көмектесуге, еңбексүйгіштік қасиетінің алғашқы игеріміне баулыдым.

Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсындар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды, бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді. Ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденімпаздық, аяушылық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіруі аса маңызды.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру – ата - ана мен ұстаздардың басты міндеті. Кішкентай бұлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерін сіңіріп, өз - өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде, тәрбиешінің жұмыс күнін үйімдастыру процесінде, ойын және оқу ісінде жоспарлы турде қамтылады. Тәрбиешінің тәртібі, іс - қимылды, балалармен, үлкендермен қарым - қатынасы кішкентай сәбілер үшін үлгі болып, олардың жеке басының қалыптасуына ықпал етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бұлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі. Осыдан келіп, бұлдіршіндерімізде жақсы қылыштар, ұжымдық қарым - қатынас, адамгершілік сезімдері, еңбексүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата - анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насхаттау арқылы емес, тек шынайы көру, сезіну қатынасында алады. Адамгершіліктің құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады,

Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық, мейірімділік, ана сүтімен, ана тілімен келетіні анық. Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен міnez, сүйекпен кетеді» бекер айтпаған. Даны, ойшыл Абай атамыз бұл туралы былай деген: «балага міnez үш алуан адамнан жұғады; бірінші – ата - анасынан, екінші – ұстазынан, үшінші – құрбысынан». Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер. Адамгершіліктің қайнэр көзі – халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет - ғұрпында. Эр адам адамгершілікті құнделікті тұрмыс – тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлағатты, тыйым сөздердің мәні зор. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайтылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық!

Баланың ой - өрісі – білім мен қоршаған дүниені тануға қызығушылығы, талаптанушылық, рухани байлығының бейнесі.

Баланың ой - өрісі көбіне жанұя жағдайымен, ата – ананың ықпалымен қамқорлық етуіне байланысты рухани дамып отырады.

Сәбимен алғаш тіл қатып, қарым – қатынас жасаудың өзі де оны әр түрлі әсерлерге бөлейді. Балаға неғұрлым көңілді көп аударып, онымен әңгімелессе, айналасындағы заттармен, құбылыстармен таныстырыса, соғұрлым оның құмарлығы артып, көп білгісі келеді.

Бала балабақшадағы білім беру салалары бойынша жасалған ұйымдастыру іс - әрекетіндегі жасаған жұмыстарын жеке де көрген, білгендерін, үйренгендерін ата – аналарына көрсетуге, айтуда, жеткізуге асығады. Тәрбиеші балаға көптеген қызықты заттар мен істерді таныстырады. Олар балаға әр түрлі ағаштардың жапырақтарын кептіруді, ғұл өсіруді, табиғи материалдарды жинауды да көптеген нәрселерді үйретеді.

3. «Балабақша-біздің үй!» видеофильм.

4. Әр түрлі мәселелер.

Жиналыс барысында басқа да мәселелер айтылды. Тамақтың төлем ақысын уақытында төлеу, балабақшаға кешікпей келу, берілген тапсырмаларды уақытында орындау. Т.башеши м қабылданды.

**Жиналыстың шешімі:**

1. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы қарым-қатынасты тығыз сақтау
2. Балаларға біріге отырып саналы тәрбие мен сапалы білім беру.
3. Балабақша ережелерін сақтау
4. Ата-аналар комитетінің жұмысын бағалау.

**Жиналыс тәрайымы**

**Хатшы**

**Ж.Дүйсебаева**

**3.Әбілқас**

